

**ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ТОПЫРАҚ ЖӘНЕ ӨСІМДІКТЕР ЖАМЫЛҒЫСЫ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАЙТЫН ТОПОНИМДЕР БІРЛЕСТІГІ**

А.Е. Егинбаева * PhD, доцент, **Қ.Т. Сапаров** г.ғ.д., профессор

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ҚеАҚ, Астана қ., Қазақстан

E-mail: aeginbaeva@mail.ru

Мақалада Қарағанды облысы, Шет ауданының топырақ және өсімдіктер жамылғысын анықтайтын топонимдер бірлестігі жөнінде сөз болады. Аумақтың ландшафт ерекшеліктерін сипаттайтын фитонимдер бірлестігінің табиғи зоналар бойынша таралу заңдылықтары мен бейнелену дәрежесі анықталды. Фитонимдерге талдау жасау барысында реликті маңызы бар арша, қарағай, қызылқайың, қандықарағаш, шаған атаулары мен осы ағаштардың бұрынғы ареалы анықталып, қалпына келтіруге алғышарт жасалды.

Түйін сөздер: табиғат жағдайлары, ландшафт, фитоним, топырақ жамылғысы, өсімдіктер бірлестігі, гидроним, фитоороним, жайылым.

Қабылданды: 16.02.2023

DOI: 10.54668/2789-6323-2023-108-1-28-34

КІРІСПЕ

Шет ауданының аумағы жер бедері бойынша негізінен белесті ұсақ шоқылы, типті ұсақ шоқылы және аласа таулы аймаққа жатады. Қарағанды облысы бойынша 33 топырақ түрлері бойынша Шет ауданы аумағында ашық-қоңыр топырақты зоналық бөліктегі: – арасында аласа таулы бөліктері бар, нашар жетілген ашық-қоңыр топырақты Қаражал шоқылы-жазықты ауданы; - ашық-қоңыр топырақты Қызыларай таулы-шоқылы ауданы; - ашық қоңыр құмдақты және саздақты топырақты Сарысу аңғарлық ауданы; сұр топырақты зоналық бөлікте: – нашар жетілген құба топырақты Шалтас-Ақшатау таулы-шоқылы ауданы; сұр құбы топырақты бөлікте: – сұр құба топырақты Балқаш маңы төбелі-шоқылы аудандарын қамтиды.

Аумақта сонымен қатар сортаңды, сазбалшықты, ауыр саздақты жерлер де бар. Сортаң жердің басты айырмашылығы жер бетінен шамалы тереңдікте (5...20 см) сортаңды қабаттар бар. Өзен алқаптарында шабынды-сарғылт, шалғынды саздақты және ауыр саздақты топырақ кездеседі. Құмды

жерлер де кездеседі (Жакин М.С., 2013).

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН БАСТАПҚЫ МАТЕРИАЛДАР


Талжанов С. зерттеулері бойынша Орталық Қазақстанды топырақ-климаттық жағдайы бойынша 3 зонаға бөлінеді: құрғақ далалық аймақ, шөлейтті аймақ, шөлді аймақ. Шет ауданы осы аймақтардың шөлді аймақ зонасына кіреді. Топырағы негізінен – құба және сұр құба топырақ. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 110...150 мм. Екіншілік жоқ, негізгіжер қоры қойға жайылым ретінде пайдаланылады. Өсімдігі жусан, жусанды ащылы және сораң шөп басым. Аймақтың өсімдігі қой мен түйе үшін маусымдық жайылым. Құмды жерлерде еркекшөп, еркекшөп-теріскен, сұржусанөседі(ТалжановС.А.,2004).

Шет ауданындағы шөлейт және шөл табиғат зоналарына жататын аймаққа тән, топырақ жамылғысына қатысты қолданылатын *айтақыр, құм, барқан, кебір, аққұм, қарақұм, құмақ, құмдақ, құмдауыт сор, сортаң*, т.б. географиялық терминдер бар (сурет 1).

Әлемнің картасына шолу жасау барысында барлық ел, аймақ бойынша

географиялық атаулардың құрамында өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және оларға қатысты жалпы белгілерді кездестіруге болады. Кез-келген аумақта өсетін өсімдік түрлерінің адам өмірі мен шаруашылығында белгілі бір орын алып, маңызды рөл атқарған. Сол сияқты қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы да өсімдіктердің тұрмыс пен шаруашылықтағы

пайдаланылу мүмкіндіктеріне қарай бөлуге мүмкіндік берді. Бұрынғы замандардан халқымыз өсімдіктердің қасиеттеріне қарай мал азықтық дақыл, емдік, дәрілік мақсатта, тұрмыста заттарды бояу үшін ажыратып, пайдаланған. Осындай ерекше қасиеттері олар өмір сүріп отырған географиялық ортадағы жер-су атауларына негіз болып отырған.



Сур. 1. Шет ауданының физикалық картасы (құрастырған Қ.Т. Сапаров).

Қазақстандағы өсімдік атауларын түбегейлі зерттеген ғалым Б.Қалиевтің айтуынша, Қазақстан жерінде 6 мыңнан астам өсімдік кездеседі және оның 760-ы тек қазақ жеріне ғана тән эндемик (жергілікті) өсімдіктер (Қалиев Б., 1993). Бияров Б. өсімдік атауларының алуан түрлілігін былайша сипаттады: «қазақтар көшпелі өмір сүріп, мал өсірумен айналысқандықтан, жер бетіндегі өсімдіктер дүниесіне тым ерте кезден бастап-ақ зер салып, көңіл қойған. Олардың қайсысы қай малға жұғымды екендігін, қай шөп олар үшін пайдалы, қай шөп зиянды (улы) екендігін ажырата білген. Тек ажыратып қана қоймай, ол өсімдіктердің түр-түсін саралап, әрқайсысына жеке-жеке ат қойып, айдар таққан, Мысалы: *боз, ебелек, ермен, жантақ, желкен, изен, қияқ т.б.*» (Бияров Б., 2012).

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Қазіргі кезеңде адамзат алдында тұрған басты мәселелердің бірі табиғатты қорғау, ландшафт өзгерістерін зерттеу, тарихи уақыт аралығындағы өсімдік және жануарлар дүниесінің жеке түрлерінің ареалын анықтауда топонимиялық әдіс маңызды рөл атқарады. Қазақстанда ландшафтық топонимиялық зерттеулер белгілі жүйеде дамымай келеді. Дегенмен, осы тұрғыда зерттеудің алғашқы қадамдары К. Каймулдинова, Ә.Е. Аяпбекова, Қ.Т. Сапаров, А.Е. Егинбаеваның еңбектерінде жүзеге асырылды. Табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды тікелей тиімді пайдалану бағытындағы топонимиялық зерттеулердің қажеттілігі жылдан-жылға артып келеді. Зерттеу нысанына айналған аумақтарда географиялық-топонимиялық зерттеулер бұған дейін жүргізілмеген деуге болады. Дегенмен, әртүрлі деректер негізінде аумақтың кейбір өсімдік түрлерінің байырғы ареалдары (*арша, емен, қызылқайың, қандықарағаш, қарағай т.б.*) анықталынып отыр. Бұл бастама әрі қарай толық зерттеу дәрежесіне көтерілу үшін картографиялық, палеоботаникалық, палеоклиматтық, археологиялық, тарихи-географиялық мәліметтерге барынша сүйеніп, зерттеулер

жүргізу арқылы, аумақтың бұрынғы ландшафттары (өсімдік және жануар дүниесі) жөнінде нақты жорамал жасап қалпына келтіруге (реконструкция) болатынына сенім артуға болады. Дегенмен, бұл мәселенің отандық топонимикада теориялық-әдіснамалық жағынан жеткілікті негізделмеуі аймақтық зерттеулермен қатар, жалпы теориялық терең зерттеулерді қажет етеді (Егинбаева А.Е., 2019). Шет ауданының басты өзендері: Шерубайнұра, Жақсы Ауданның *жазық жерлерінде көде, селеу, жусан, кермек, көкпек, тобылғы, қараған, өзен бойларында тал, шілік* өседі. Тау аралық аңғарлар мен сайларда, өзен ңғарларында әр түрлі шөпті шалғын, тал, шілік басым өседі. Шетпе ауданы бойынша фитонимердің географиялық атаулардағы жүктемесінде 13 өсімдік атауы анықталып, төмендегі 1-кесте түрінде берілді. Орталық Қазақстанда мал шаруашылығы ғасырлар бойы шаруашылықтың жетекші саласы болды және табиғи азықтық дақылдар қазақ халқының экономикалық өмірінде маңызды орын алды. Сондықтан атауларда көшпелі халық жергілікті флораның ерекшеліктерін көрсетіп отырған.

Жинақталған топонимикалық материалдар бойынша фитотопонимдер арасында ағаш, қамыс, ши, тал, шілік, бидайық атауларының басым кездеседі және бұл аудан бойынша шөлейт және шөл табиғат зоналарының өсімдіктер жамылғысына сәйкес келеді. Топонимдер құрамындағы өсімдік атауларының үлесі 2- суретте бейнеленді. Ғ.Қ. Қоңқашпаев бойынша қазақтар ағаш терминімен «орман», «ағашты жер», яғни ағаштар көп өсетін жерді белгілеуде қолданған деп келтіреді (Қоңқашпаев Г.К., 1951). Жалпы ағаштардың географиялық атаулар құрамында болуы тек шаруашылық маңызымен ғана түсіндірілмейтіндігін Каймулдинова К.Д. өз зерттеулерінде: «көне түркілік табиғатты пір тұту дәстүріне сәйкес, ағаштар да қазақ халқында жаратқанның сыйы ретінде қабылданады... Бұл түсінік ағашты үш әлемді (жоғары, орта және астыңғы әлем) жалғастырып, тұрған мифологиялық бейне ретінде қабылдау жатыр... Қазақ сахарасында ағашты сирек кездесетін

киелі нысан ретінде қабылдап, оны қорғау, сақтауға қатысты әдет-ғұрыптар қалыптасқан, топонимияда табуация құбылысы негізінде қорғау жүзеге асырылған...» деп көр-

сетті (Каймулдинова К.Д., 2010). Ауданда бұл терминнің қатысумен жасалған Ұзынағаш өз., Қараағаш тау (2 рет), Қараағашбұлақ бұл., Қараағаштау шоқы атаулары кездеседі.

Кесте 1

Шет ауданы топонимдерінің құрамындағы өсімдік атауларының шоғырлануы


№	Өсімдік атауы	Топонимикалық белсенділігі
1	<i>Ағаш</i>	<i>Қараағаш</i> тауы – Қазықұрт тауынан оңтүстік-шығысқа, Жақсы Қаражал тауынан оңтүстік-батысқа қарай орналасқан тау; <i>Қараағаш</i> тауы – Қызылтас тауынан оңтүсті-шығысқа, Ақтас тауынан солтүстік батысқа қарай орналасқан тау; <i>Ұзынағаш</i> – өзен; <i>Қараағашбұлақ</i> – бұлақ; <i>Қараағаштау</i> – шоқы. Абсолют биіктігі – 601 м.
2	<i>Мия</i>	<i>Ақмия</i> – қола дәуірінің қонысы. Ақмия тауының солтүстік етегінде бұлақ басында орналасқан.
3	<i>Алма</i>	<i>Алмалы</i> – тау. Жақсы Тағылы және Қылтас таулары аралығында орналасқан. Абсолют биіктігі 938м.
4	<i>Бидайық</i>	<i>Бидайық</i> – өзен; <i>Қарабидайық</i> – өзен.
5	<i>Бояулы</i>	<i>Боялысай</i> – өзен.
6	<i>Қамыс</i>	<i>Қамысқұдық</i> – құдық; <i>Қарамыс</i> – өзен; <i>Қарамыс</i> – өзен; <i>Қарамыс</i> – ауыл.
7	<i>Ши</i>	<i>Ақши</i> - қыстау; <i>Басши</i> - қоныс; <i>Берекениши</i> – ауыл; <i>Орташи</i> қоныс; <i>Сарыши</i> қоныс; <i>Үлкенши</i> өзені; <i>Шиқұдық</i> – құдық; <i>Шиөзек</i> – өзен; <i>Шөлиши</i> – қыстау; <i>Сарыши</i> – ауыл; <i>Үлкенши</i> – құдық; <i>Шиқұдық</i> – құдық.
8	<i>Тал</i>	<i>Бөріктал</i> – қоныс; <i>Талды</i> – өзен; <i>Талды</i> – ауыл; <i>Талдыеспе</i> – өзен.
9	<i>Терек</i>	<i>Жастерек</i> – қыстау; <i>Сарытерек</i> – тау.
10	<i>Шілік</i>	<i>Қызылшілік</i> – қоныс; <i>Қарашілік</i> – қыстау.
11	<i>Тобылғы</i>	<i>Тобылғы</i> – некроним.
12	<i>Шеңгел</i>	<i>Шеңгелді</i> – қоныс.
13	<i>Шағыр</i>	<i>Шағыр</i> – қыстау.

Терек атауы жалпы Қазақстан аумағы бойынша жиі кездесетін ағаш түрлерінің бірі. Бұл ағаш түрі де басқалары сияқты үй құрылысы мен тұрмыста пайдаланылған. Терек ағашының топонимикалық белсенділігі Жастерек қыстау, Сарытерек тау атауымен анықталды.

Қамыс – өсімдігі суы тартыла бастаған су қоймалары мен көл жағалауларында, өзен арналарында жиі кездеседі. Қазақ халқы қыстауларды қалың қамысты алқаптарға жақын орналастырған. Қамыстың жас түрін жаздан шауып, қысқы мал азығы ретінде пайдаланған. Қамыстың халық арасындағы екінші атауы құрақ деп аталады. *Қамысқұдық* құдық атауы – жағала-

уында қамыстың өсуіне байланысты аталса, *Қарамыс*(өзен, ауыл) атауы қамыстың өсетін түріне байланысты аталған. Н. Масанов зерттеулерінде «*төрт түлік малдың қысқы жайылымына шөптердің дәнді дақылдар, құрай, жусан, қамыс пен құрақ сияқты түрлері өсетін жерлер таңдап алынған*» деп көрсетіледі (Масанов Н.А., 1984).

Аудандағы өсімдік атауларының ішінде көп таралғаны ши (12 атау) өсімдік атауы. Бұл өсімдік халықтың тұрмысында пайдаланылуымен қатар, жазықты жерлерде бағыт-бағдарды ұстануда белгі ретінде қолданылған. Сонымен қатар ши өсімдігінің шоғырланған жерлерде жер асты суларының жақын қабаттары



Сур. 2. Фитонимдердің географиялық атаулар құрамындағы үлесі.

туралы ақпараттық функциясы да болған. Ондай жерлерде жасанды су көздері – құдықтар қазылып отырған. *Ши* фитонимі негізінде жасалған топонимдер қатарына *Ақши қыстауы*, *Басши қонысы*, *Берекенши ауылы*, *Орташи қонысы*, *Сарыши қонысы*, *Үлкенши өзені*, *Шиқұдық құдығы*, *Шиөзек өзені*, *Шөлши қыстауы*, *Сарыши ауылы*, *Үлкенши құдығы*, *Шиқұдық құдығы* атауларын жатқызамыз.

Келесі топонимдер бұталы өсімдіктер дүниесіне - *шілік*, *тал*, *тобылғы* атауларына қатысты жасалған: *Қызылшілік қоныс*, *Қарашілік қыстау*, *Бөріктал қоныс*, *Талды өзен*, *ауыл*; *Талдыеспе өзен атаулары мен Тобылғы* некронимі аудан топонимдері арасында кездесті. *Шілік* географиялық терминіне «су бойында өсетін, жіңішке әрі солқылдақ бұта» деген анықтама арналған. Дұрысында *шілік*: «бір жерде топтанып, жаңа бойлап өсіп келе жатқан кез келген ағаш». Басты ерекшелігі – қалың болып, қаулап өсуі және әсіресе, жас өскін болуы. Кейде жас, балапан ағаштар өсіп кетсе де, *Шілік* атауы өзгермей қала береді (Бияров Б., 2012). Өзен жағалауларында тал және т.б. құралған шағын тоғайлардың шоғырлануына байланысты *Талдыеспе*, *Талды* потамонимдері аталған. *Бөріктал* атауының мағынасы – «барлық бүрі, бұтағы жоғары, бас жағына жайыла өсетін тал»

дегенді білдіруі мүмкін. Бөріктал атауымен Алматы облысында өзен атауы кездеседі.

Мия фитонимі Ақмия тауы мен қонысы атауларында кездеседі. Бұл өсімдік ветеринарияда ерте замандардан малдардың тыныс алу жолдары ауруларын емдеуде пайдаланылған.

Бидайық атауы мал азықтық басқа да өсімдіктермен қатар Қазақстанның көп бөлігінде топоним жасауға қатысады. К.Д. Каймулдинова бидайық атауын Орталық Қазақстанның ландшафт ерекшелігін сипаттайтын терминдер қатарына енгізген. Себебі, бұл терминмен «пішіні табақ тәрізді, тұйықталған, шалғынды өсімдіктер өсетін ойысты» белгілейтіндігін атап көрсетті (Каймулдинова К.Д., 2010). Аудан аумағы бойынша *Бидайық*, *Қарабидайық өзен* атаулары анықталды.

Өсімдік тауларының қатысуымен жасалған топонимдер арасында ерекше қызығушылық тудырған Боялысай өзен атауы. Өзен *Шұнақ* тауларының шығыс бөлігінде ағып өтеді. «*Боялы*» және «*сай*» сөздерінен жасалған. *Боялы* сынары бояулы сөзінің көне формасы деп болжаймыз. Оның көне түркі тіліндегі нұсқасы «*boduyuluu - бояулы*» яғни, атау мәні – «*бояулы өсімдік өскен сай*» дегенді білдіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Фитотопонимдер бойынша зерттеулерімізде Шет ауданы аумағында кездесетін өсімдік атауларына байланысты топонимдер жүйесі анықталып топтастырылды. Олардың таралуы ареалдары анықталып, кесте түрінде көрсетілді. Өсімдік атаулары негізінде жасалған топонимдер өңірдің табиғи ерекшеліктері мен олардың шаруашылықтағы көрінісі жөнінде мол ақпарат береді. Шет ауданында кездесетін фитонимдерге талдау жасау барысында реликті маңызы бар арша, қарағай, қандықараағаш, қызылқайың, шаған атаулары осы ағаштардың бұрынғы ареалын анықтауға мүмкіндік береді, реконструкцияға (қалпына келтіру) жасауға алғышарт жасалды. Қазақ халқының табиғатты пайдалану және қорғау дәстүрлерінің сипаты топонимиялық жүйеде нақты көрініс тапты.

Ландшафттардың байырғы сипатын қалпына келтіруде жергілікті географиялық терминдер негізінде қалыптасқан топонимдердің маңызы зор. Жергілікті топонимиялық мәліметтерді байырғы ландшафттарды қалпына келтіру (реконструкция) ісінде пайдалану мүмкіншіліктері топонимдердің көп жағдайда табиғат ерекшеліктерін дәл бейнелейтіндігіне негізделген. Жалпы алғанда, палеогеографиялық жағдайды қалпына келтіруде осындай зерттеулердің маңызы зор: топонимдердің пайда болу кезеңіндегі табиғат жағдайлары олардың мағыналық жүктемесінде көрініс тапқанымен, қосымша дәлелдерді қамту арқылы ғана топонимдердің тарихи географиядағы қолданбалы мәні нақты ашылады. Басқаша айтқанда, ландшафттарды қалпына келтіруде тек топонимикалық деректерді пайдалану жеткіліксіз, бұл деректер палеоботаникалық, палеогеографиялық деректермен толықтырылып зерттелуі қажет деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Бияров Б.* Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2012. – 460 бет.
2. *Егинбаева А.Е.* Сарыарқа топонимикасы. Монография. - Алматы: ССК, 2019. – 224 б.
3. *Жакин М.С.* Шет ауданының топонимиясы. - Қарағанды: «Гласир», 2013. – 500 б.

4. *Каймулдинова К.Д.* Қазақстанның аридті аймақтарының топонимиясы. – Алматы: Те-Color, 2010. – 208 б.
5. *Конкашпаев Г.К.* Казахские народные географические термины // Известия Академии наук КазССР. Серия географическая. - 1951. - Вып. 3. №99. – С. 3-45
6. *Қалиев Б.* Өсімдік атауларының орысша-қазақшасөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 104 бет.
7. *Масанов Н.А.* Проблемы социально-экономической истории Казахстана на рубеже XVIII-XIX веков. – Алма-Ата, 1984. – 174 с.
8. *Талжанов С.А.* Әртүрлі қоғамдық жүйе жағдайында Орталық Қазақстан жер ресурстарын мал шаруашылығының жайылымы ретінде пайдаланудың экономикалық-географиялық тұрғыдан талдау. География ғыл.канд.дәреж.алу үшін дайынд. дисс. авторефераты. - А., 2004. – Б. 17-18

REFERENCES

1. *Biyarov B.* Zher-su attarynyñ sozzhasamdyq үлгіleri. – Almaty, 2012. – 460 bet.
2. *Eginbaeva A.E.* Saryarqa toponimikasy. Monografiya. - Almaty: SSK, 2019. – 224 b.
3. *Zhakin M.S.* Shet audanynyñ toponimikasy. - Qaragandy: «Glasir», 2013. – 500 b.
4. *Kaimuldinova K.D.* Qazaqstannyn aridti aimaqtarynyñ toponimiyasy. – Almaty: Te-Color, 2010. – 208 b.
5. *Konkashpaev G.K.* Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy // Izvestiya Akademii nauk KazSSR. Seriya geograficheskaya. - 1951. - Vyp. 3. №99. – p. 3-45
6. *Qaliev B.* Ösimdik ataularynyñ orysshqa-qazaqsha sozdigi. – Almaty: Ana tili, 1993. – 104 bet.
7. *Masanov N.A.* Problemy sotsial’no-ekonomicheskoi istorii Kazakhstana na rubezhe XVIII-XIX vekov. – Alma-Ata, 1984. – 174 p.
8. *Talzhanov S.A.* Ärtürli qoғamdyq zhyie zhafдайында Ortalyq Qazaqstan zher resurstaryn mal sharuashylyғynyñ zhaiylymy retinde paidalanudyñ ekonomikalыq-geografialыq тұғыdan taldau. Geografiya ғыl.kand.därezh.alu үshin daiynd. diss. avtoreferaty. - A., 2004. – B. 17-18

**СОВОКУПНОСТЬ ТОПОНИМОВ, ОПРЕДЕЛЯЮЩИЕ ОСОБЕННОСТИ
ПОЧВЕННОГО И РАСТИТЕЛЬНОГО ПОКРОВА ШЕТСКОГО РАЙОНА**

А.Е. Егинбаева * PhD, доцент, **Қ.Т. Сапаров** д.г.н., профессор

НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»,

г. Астана, Казахстан

E-mail: aeginbaeva@mail.ru

В статье рассматривается совокупность топонимов, определяющих почвенный и растительный покров Шетского района Карагандинской области. Определены закономерности распространения и степень проявления ассоциации фитонимов, характеризующих ландшафтные особенности территории по природным зонам. В ходе анализа фитонимов были выявлены названия реликтового можжевельника, сосны, красной березы, черной ольхи, ясеня и древних участков данных деревьев, а также созданы предпосылки для их восстановления.

Ключевые слова: природные условия, ландшафт, фитонимы, почвенный покров, ассоциация растений, гидроним, фитоороним, пастбища.

**A SET OF TOPONYMS DEFINING THE FEATURES OF THE SOIL AND
VEGETATION COVER OF THE SHET DISTRICT**

A.Ye. Yeginbayeva * PhD, associate professor, **K.T. Saparov** doctor, professor

NAO «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Astana, Kazakhstan

E-mail: aeginbaeva@mail.ru

The article considers a set of toponyms that determine the soil and vegetation cover of the Shet district of the Karaganda region. The patterns of distribution and the degree of manifestation of the association of phytonyms that characterize the landscape features of the territory by natural zones are determined. During the analysis of phytonyms, the names of relic juniper, pine, red birch, black alder, ash and ancient sites of these trees were identified, and the prerequisites for their restoration were created.

Keywords: natural conditions, landscape, phytonym, soil cover, plant association, hydronym, phytooronym, pasture.